

Қан-қасап репрессия-ның, яғни «37-нің» жаппай қырғынында халқы үшін құрбан болған асқақ ақынымыз Мағжан Жұмабаев:

**Абақтыда айдан,
күннен жаңылдым,
Сарғайдым ғой,
сар даламды сағындым,
«Қарашығым, құлыным!»
-деп зарлаған,**

**Алыстағы сорлы
анамды сағындым,
-деп сол заманның
қанқұйлы бейнесін ашына
жырға қосып еді.**

Халқымыздың басына зұлмат болып төніп, елдің нағыз қаймағы саналатын озық ойлы 25 мың азаматы жазықсыз атылып кеткен кеңес үкіметінің зорлық-зомбылығын ашкерелеу және салдарын жою «жезмұртты жауыз» Сталиннің жаны жаһаннамға кеткен соң-ақ басталды. Ол мәселе әлі жалғасып келеді.

Сол заманда байлар мен кулактарды, жартылай феодалдарды ойсырата жою елдің экономикасы мен әлеуметтік саласына орны толмас апат әкелгенін енді-енді ғана біліп жатырмыз.

Дегенмен, заманына қарай адамы. Ол заман келмеске кеткенімен, қателігін түзеу, қорытынды шығару азаматтық борышымыз болмақ.

ШЫНДЫҚ ШЫҢҒА ШЫҒУЫ ТИІС



Қазіргі күнге дейін жүрегіміз дүрсілдей еске алатын сол «Үлкен террор» кезінде еліміз бойынша 125 мың адам саяси қуғын-сүргінге ұшыраса, 25 мыңнан астамы атылып кеткен екен. Дегенмен, кейінгі дерек көздерге үңілсек, атылғандар мен қудаланғандардың саны мұнан әлдеқайда көп екен. Оның бір себебі, әрбір қудаланушының ең кемінде 15-20 туысқаны бірге

кеткен. Яғни «қосақ арасында» кеткен деген сөз. Олай болса ақтауға жататындардың саны 5-6 млн-нан кем емес деуге негіз бар...

Әрине, бұл күнге дейін жазықсыз құрбандарды ақтау жолында көптеген іс бітті. Біз оның үш толқынынан хабардармыз.

Алғашқысы Лаврентий Берияның кезінде басталды. Бірақ ұзаққа созылмады. Ал, Хрущев пен Горбачев кезіндегі екінші және үшінші

толқындары негізінен Қылмыстық Кодекстің 58-бабымен атылғандар мен сотталғандарды ақтауға бағытталды.

Осы кездегі Алаш арыстарының ақталуы халқымыздың рухын кетеріп, санасын жаңғыртқанын ерекше атап өтуге тиіспіз. Әйтсе де, ақтауға жатпайтын баптар да сақталып қалғанын атап өтуіміз керек.

Бір қуанарлығы, биылғы кектемдегі Ашаршылық

және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні алдында ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың жазықсыз жазаланғандарды толық ақтау ісін жалғастырып, күн тәртібіне қоюын нағыз әділетті қадам болды деп есептейміз. Бүгінде Президент бастамасының екі қыры ерекше аталуда.

Алғашқысы, фашизмнің қылмысымен пара-пар кеңестік тоталитарлық қылмыс ақиқатын ашуға еш жалтақсыз, саясиландырмай кіріскеніміз тәуелсіздігіміздің басты жеңісінің бірі десек болады. Келесісіне, ақтаудың Қазақстандық толқыны толық ауқымды жүруде. Мұнан бұрын айтылып келген «контра», «контрреволюционер» айдарларымен іске асырылған таптық, идеологиялық шикі шектеулер жойылды да, оның орнына жалпы-адамзаттық құндылықтар төбеге көтерілді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, кеңес кезеңінің қуғын-сүргін құрбандарын түгелімен ақтау – тоталитарлық адамзатқа жат режимнен бірінші рет қол үзу десек болады.

**Ж.БЕЛГБАЙ,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ-дың доценті, т.ғ.к.**